



Bilimni
baholash
agentligi

BILIM VA MALAKALARNI BAHOLASH
AGENTLIGI

Bilimingga ishon va muvaffaqiyatga erish!

ЖАЛПЫ ОРТА ТӘЛІМ МЕКТЕПТЕРІ, АКАДЕМИК ЛИЦЕЙЛЕР
ЖӘНЕ ӨНЕР-КӘСІП КОЛЛЕЖДЕРІ
ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР БОЙЫНША
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА ІV БАСҚЫШ
ҚАТЫСУШЫЛАРЫ ҮШІН

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ
ПӘНІНЕН
ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАР КІТАБЫ

Қатысушының фамилиясы, аты-жөні

Қолы

Бұл тест варианты 30 (1-30) тест тапсырмасынан құралған.

Кітапшада жабық және ашық тест тапсырмалары бар. Тест тапсырмасы үшін ажратылған балл әр бір тест тапсырмасында көрініс тапқан.

Жабық түрдегі тест тапсырмаларында берілген төрт жауаптан бір ғана жауапты таңдау және жауаптар парақшасында таңдаған жауапқа сәйкес әріпті (А, В, С немесе D) тапсырма көрсеткішіне сәйкес қатарға жазу керек.

Ашық түрдегі тест тапсырмалары жауаптарын жауаптар парақшасындағы тапсырма көрсеткішіне сәйкес қатарға толық және анық жазу керек.

Сәйкестендіруді талап етуші жабық тест тапсырмалары үшін жалпы алты (А-Ғ) жауап варианттары берілген болып, үш тапсырмаға (28-, 29-, 30-тест тапсырмалары) бұл жауаптар арасынан сәйкес келетін бір дұрыс жауап таңдалады және жауаптар парақшасына белгіленеді.

1. [2,4 ball]
Дәстүрлі принципке сай жазылған қатарды көрсетіңіз.
А) *Хакім, миуа, ащы.*
В) *Қожахмет, бүрсігүні, қолғал.*
С) *Әкел, бергем, келгем.*
D) *Аяққалқан, ұшқыш, шекара.*
2. [2,4 ball]
Қай қатарда тырнақшаның емлесіне сай келмейтін ереже берілгенін анықтаңыз.
А) *Диалог емес төл сөз тырнақшаға алынып жазылады.*
В) *Сөз арасында келтірілген мақал-мәтелдер сөйлем ішінде тырнақшаға алынады.*
С) *Драмалық шығармалардағы авторлық ремеркалар тырнақшаға алынады.*
D) *Дәйексөз екі жағынан тырнақшаға алынып жазылады.*
3. [2,4 ball]
Қай сөйлемде метонимиялық мағынаға мысал бола алатын сөз қолданылғанын анықтаңыз.
А) *Шәрипа жеңгейдің дастарханы мол екен.*
В) *Бас екеу болмай, мал екеу болмайды.*
С) *Балқия төркініне баратынын есітіп қуанып қалды.*
D) *Мен ауылдағы ақсақалдарға айтып кеткенмін.*
4. [2,4 ball]
Сөзге тәуелдік жалғауының III жағынан кейін жалғанатын табыс септік жалғауын анықтаңыз.
А) *-нда*
В) *-мен*
С) *-н*
D) *-на*
5. [2,4 ball]
Қай қатарда етістіктің жедел өткен шақ формасы жіктеліп көрсетілгенін табыңыз.
А) *жазамын, айтады*
В) *келдік, алмады*
С) *келіпті, бармайды*
D) *қарайды, күледі*
6. [2,4 ball]
Анықтауыштық қатынаста матаса байланысқан есімді тіркеске мысал болатын сөз тіркесін анықтаңыз.
А) *оқуға зерек*
В) *жалпақ маңдай*
С) *үйдің терезесі*
D) *үздік оқу*

7. [1,7 ball]
Халық ауыз әдебиеті үлгілерінде "Маң-маң басқан, маң басқан, шудаларын шаң басқан, төрт аяғын тең басқан" деп кімнен тілек тілегенін анықтаңыз.
А) Ойсыл қарадан
В) Зеңгі бабадан
С) Жылқышы атадан
D) Шопан атадан
8. [1,7 ball]
Күлтегін жырында келтірілген **татабылар** кімдер екенін анықтаңыз.
А) ежелгі түркі тайпасы
В) ежелгі қытай тайпасы
С) ежелгі қыпшақ тайпасы
D) ежелгі монғол тайпасы
9. [1,7 ball]
Ы.Алтынсариннің "Әке мен бала" әңгімесінде қорытынды сөз ретінде қай мақал көрсетілгенін анықтаңыз.
А) Өз білмегеніңді кісіден сұра; кісі білмесе, кішіден сұра.
В) Жақсылыққа жақсылық, жамандыққа жамандық.
С) Аяз, әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл.
D) Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың; азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың.
10. [1,7 ball]
Вальтер Скоттың қай романында Людовик XI-дің мінезі өте тартымды, аса тамаша көрсетілгенін табыңыз.
А) "Бойтұмар"
В) "Сент Ронанс суы"
С) "Кенилворт"
D) "Квентин Дорвард"
11. [2,4 ball]
Шыңғыс Айтматов "Көктөбедегі кездесу" атты драмалық шығармасын қазақтың қай қаламгерімен бірге жазғанын анықтаңыз.
А) Ғабит Мүсірепов
В) Мұхтар Шаханов
С) Мұхтар Әуезов
D) Қалтай Мұхамеджанов
12. [1,7 ball]
С.Сейфуллин бір поэмасында "жаңа өмір – жарқын болашақ, мақсат-мұраттары үшін сан алуан майдандарда күресе білген нағыз азаматтарды" қандай құсқа теңейді және бұл поэма қалай аталатынын анықтаңыз.
Жауап: _____
Назар аударыңыз! Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.
13. [0,9 ball]
*Бәрі бала, жас еді,
Бәрі ұйқыда мас еді,
Барлық қазақ баласы.
Сонда ішінен жарқ етіп,
Ақыл ойын сарп етіп,
Жөн бастаған данасы, –* деген С.Дөнентаевтың өлең жолдары кім жайлы екенін анықтаңыз.
Жауап: _____
Назар аударыңыз! Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.
14. [0,9 ball]
Ақыл – адам көрігі, ақылдың сабыр серігі. (М.Әуезов) – деген сөйлемде қарамен жазылған сөздер дыбыс үндестігінің қай түрі екенін анықтаңыз.
Жауап: _____
Назар аударыңыз! Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.
15. [1,7 ball]
Мидай дала, шалқар көл, т.б. фразеологизмнің қай түрі екенін анықтаңыз.
Жауап: _____
Назар аударыңыз! Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.

16. [1,7 ball]

Самат, ертең сынақ болады. – деген сөйлемде үтірмен ажыратылған қандай сөз екенін анықтаңыз.

Жауап: _____

Назар аударыңыз! Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.

17. [0,9 ball]

Мағынасы жағынан тура объектіні, табыс септіктегі сөзді қажет етіп тұратын етістіктің түрін анықтаңыз.

Жауап: _____

Назар аударыңыз! Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.

18. [0,9 ball]

ма (ме, ба, бе, па, пе), ше шылаулары қалай аталатынын табыңыз.

Жауап: _____

Назар аударыңыз! Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.

19. [0,9 ball]

Көрпені қымтану, аурумен алысу, жұмыспен танысу сөз тіркестері қандай синтаксистік қатынаста байланысып тұрғанын анықтаңыз.

Жауап: _____

Назар аударыңыз! Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.

20. [0,9 ball]

Үшеуі суыт жүрiп кеттi. (С.О.) – деген сөйлемде бастауышы қай сөз табынан жасалып тұрғанын анықтаңыз.

Жауап: _____

Назар аударыңыз! Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.

21. [0,9 ball]

Қадiрдiң киiмi жұлқа әрi денсаулығы да мықты емес. (С.М.) – деген сөйлем құрамына қарай, мағыналық қатынасына қарай қандай сөйлем екенін анықтаңыз.

Жауап: _____

Назар аударыңыз! Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.

Мәтінді оқып берілген сұрақтарға жауап бер.

Тұмау

Қыстың суық күндерімен қосылып бізге тағы бір қауіп келеді, ол – тұмау. Бұл өте қауіпті, жұқпалы ауру, вирус арқылы жұғады. Басқа жұқпалы ауруларға қарағанда тұмау өкпенің қабынуына, отит, гайморит, жүрек ауруларына және жүйке ауруларының асқынуына әкеліп соқтырады. Сондықтан бетперде тағуды, тағы да оны күніне сегіз рет ауыстырып отыру керектігін ескеру жөн. Бөлмені таза ауамен желдетіп, көбірек сұйықтық ішіп отыру керек.

Өкінішке орай, біз әлі тұмауға қарсы шара қолдануды үйренген жоқпыз. Бірақ, интерферон, ремантадин, амиксин, арбидол, т.б. дәрілерінің өте пайдалы екенін білдік. Бұл дәрілердің бәрінің вирусқа қарсы емдік қасиеттері бар. Тұмаудан қорғанудың бірден-бір жолы – екпе салдыру.

22.

[0,9 ball]

Мәтіннен тұмау ауруы қай кезде асқынатынын анықтадыңыз.

- A) Ауаның қапырық кезінде.
- B) Жауын-шашынды күндерде.
- C) Жаз айында.
- D) Ауа-райы суық болған кезде.

23.

[0,9 ball]

Тұмау ауруымен сырқаттанған кезде не істеу қажет емес деп ойлайсыздар?

- A) Дәрігердің рецептісіз дәрілер қабылдау.
- B) Бетперде тағып жүру.
- C) Бөлмені таза ауамен желдетіп отыру.
- D) Көбірек сұйықтық ішіп отыру.

24.

[0,9 ball]

Тұмау кезінде асқынатын аурулар қайсылар?

- A) жүйке аурулары, ортрит, гастрит, т.б.
- B) жүрек аурулары, асқазан аурулары, т.б.
- C) бас ауруы, инфарк, инсульт, т.б.
- D) өкпенің қабынуына, отит, гайморит, т.б.

Мәтінді оқып берілген сұрақтарға жауап бер.

«Зор тұлға»

Әр ғасырдың өзінің біртума азаматтары, аты аңызға айналған көрнекті тұлғалары болады. Солардың бірі – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Есімі дүние жүзіне белгілі болған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Еңбек Ері.

Ол 1912 жылы 12 қаңтарда Верный қаласында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген.

1931 жылы Д.А.Қонаев Мәскеудегі Калинин атындағы «Түсті металдар» институтына оқуға жіберілді. 1936 жылы осы институттың тау-кен факультетін бітіріп, Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат кенішіне кен инженері болып барды. Мұнда Д.А.Қонаев қарапайым жұмысшыдан, кеніш директорына дейін көтеріледі.

Кейіннен Риддер кен орнының және Лениногор кен басқармасының директоры болды. Соң Министрлікте қызмет атқарды. 1952 жылғы сәуірде Ғылым Академиясының академигі және оның президенті болып сайланды.

25.

[2,4 ball]

Мәтіндегі негізгі ой кім немесе не туралы деп ойлайсыздар?

- A) Екінші дүниежүзілік соғыс туралы.
- B) Мыс қорыту комбинатындағы өмір туралы.
- C) Қарапайым адамнан тұлға дәрежесіне адал еңбегімен жеткен адам туралы.
- D) Мектепте, жоғары оқу орнында озат оқыған адам туралы.

26.

[2,4 ball]

Мәтінде сөйлем құрамында келген бірнеше сөздер бас әріппен жазылған. Олар қандай сөздер екенін анықтаңыз.

- A) сан есімдер
- B) жалпы есімдер
- C) жалқы есімдер
- D) көмекші есімдер

27.

[2,4 ball]

Мәтінде берілген "үш мәрте" деген сөз тіркесіндегі сан есім мағысына қарай қай түріне мысал болып тұрғанын анықтаңыз.

- A) болжалдық
- B) есептік
- C) реттік
- D) жинақтық

28-30.

Кестедегі мәліметтерден пайдаланып, 28-30-тест тапсырмаларына (А-Ғ) жауап варианттарын сәйкестендір.

Назар аударыңыз! Жауаптардың үшеуі артық.

Тапсырмалар	Жауаптар
<p>28. [1,7 ball] Сөйлемдер арасынан құрамында буын үндестігіне бағынбаған сөз қолданылған сөйлемді анықтаңыз.</p>	<p>А) Әуелі Абайдың бұл екеуінен сұрағаны кәсіп-қарекеті туралы еді. В) Әйелі мен балаларын бар мейірімен жұбатты.</p>
<p>29. [1,7 ball] Қайсы қатарда диалектілік ерекшелікке байланысты сөз қолданылмағанын табыңыз.</p>	<p>С) Досы секін сөйлеген сайын Ермек құлағыны жақындата түсті. D) Піллә құрты тұт бәріктерін жеп тауысатын болды.</p>
<p>30. [1,7 ball] Сөйлемдер арасынан табыс септік жалғауы емлеге сай қолданылмаған сөз қатысқан сөйлемді анықтаңыз.</p>	<p>Е) Оның үстіне Әбіштің жолына ақша-пұл әзірлеу керек еді. Ғ) Үкімет бұл ретте қолынан келген жәрдемін аямас.</p>